

## **Құрметті салымшылар!**

"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ Сізді қырағы болуға шақырып, дербес деректеріңізді мұқият қорғау қажеттілігі туралы ескертеді.

Интернет-алаяқтық жағдайлары жиілеп кетті. Ондай кезде қаскүнемдер өздерін мемлекеттік органдардың немесе қаржы ұйымдарының қызметкері ретінде таныстырып, азаматтардың жеке мәліметтеріне қол жеткізуге тырысады.

### **Назар аударыңыз:**

- "БЖЗҚ" АҚ қызметкерлері **телефон арқылы қоңырау шалмайды.**

o ЖСН, жеке куәлік нөмірі;  
o банктік карталар немесе шоттар туралы мәліметтер;  
o SMS растау кодтары;  
o қолданбалар мен басқа қызметтердің құпия сөздері туралы мәліметтерді беруіңізді өтінбейді.

- "БЖЗҚ" АҚ **телефон арқылы** ықтимал күдікті әрекеттер немесе "қаражатты бұғаттау" туралы **хабардар етпейді.**

- Кез келген ресми ақпарат **салымшының жеке кабинеті**, Қордың ресми сайты арқылы немесе салымшы "БЖЗҚ" АҚ филиалына жеке өтініш жасаған кезде беріледі.

### **Өзіңізді қалай қорғауға болады:**

- Өздерін "БЖЗҚ" АҚ немесе мемлекеттік құрылымдардың қызметкері ретінде таныстырса да, құпия деректеріңізді бөгде адамдарға бермеңіз.
- Түскен ақпараттың дұрыстығын **ресми дереккөздер** ([www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайты, 1418 байланыс орталығы) арқылы тексеріңіз.
- Күмәнді қоңыраулар жасалып, хабарламалар алған жағдайда — **қарым-қатынасты дереу тоқтатып**, алаяқтық әрекет туралы құқық қорғау органдарына хабарлаңыз.

Зейнетақы жинақтарыңыз бен жеке мәліметтеріңізге сақ болыңыз! Оларды сауатты қорғай біліңіз!